

2

Ақордаға барған балалар

6

Баланың тісі неге ерте жастан бүлінеді?



Сыр бойы

№84-85 (20960-20961) 5 маусым, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

- www.facebook.com/syrboyi.kz
- www.instagram.com/syrboyi_kz
- t.me/syrboyi_kz
- twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ТӘУЕЛСІЗДІК БОЙТУМАРЫ



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы «Атамекен» этномемориалды кешенінде өткен Мемлекеттік ту көтеру рәсіміне қатысты. Құрмет қарауылының бастығы салтанатты іс-шараға дайындығы туралы Президентке рапорт берді. Содан кейін еліміздің аңураны шырқалып, көк байрағымыз көтерілді. Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларды Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, бұл еліміз үшін мән-маңызы айрықша мереке екеніне тоқталды.

– Ұлт рәміздері – Тәуелсіздігіміздің киелі бойтұмары. Елтаңба, Ту және Әнұран – мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі. Қастерлі нышандарымыз Қазақстанның егемен ел, еңселі жұрт екенін жер жүзіне әйгілейді. Байрағы биік елдің рухы асқақ болады. Сондықтан біз осы мейрамға орай жыл сайын көк Туымызды биікке көтереміз. Бабаларымыз «Туынды тік ұста!» деп өсиет қалдырды. Осы аманатқа адал болу – баршаға ортақ парыз. Бүгінде көк байрағымыз қастерлі Отанымыз – Қазақстанның бейбіт аспанында желбіреп тұр. Оны кейінгі ұрпаққа табыстау – қасиетті борыш, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, қазір көк Туымыздың беделін бүкіл әлем мойындайды. Байрағымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде тұр. Оны альпинистеріміз жер шарындағы ең биік шыңдарға көтерді. Спортшыларымыз талай мәрте жеңіс тұғырына шығарды.

– Биыл жауынгерлеріміз бітім-

герлік миссиясын көк байрақтың астында тұңғыш рет дербес орындап келді. Азаматтарымыздың, мемлекетіміздің осындай жетістіктері Қазақстанның қуатты әрі жасампаз ел екенін көрсетеді. Мемлекеттік рәміздер – ел мақтанышы. Елтаңбамыз, көк Туымыз бен Әнұранымыз әр азаматтың жүрегінен ерекше орын алады.

Бұл – нағыз отаншылдық белгісі. Ұлт нышандары – халқымыздың болмыс-бітімінің айнасы, жарқын болашағымыздың кепілі, – деді Мемлекет басшысы.

Президент биыл мемлекеттілігіміздің берік тірегі – Ата Заңымыздың қабылданғанына 30 жыл толатынын еске салды.

– Негізгі заң біздің қоғам арқа сүйейтін басты қағидаттардан тұрады. Конституция арқылы заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз етіп, ауқымды өзгерістерді кезең-кезеңімен қолға алып жатырмыз. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне әрқайсысымыз үлес қосып келеміз. Бізді көк пас-

портымыз, реформалардың жасампаз қуатына деген ортақ мақсат пен мызғымас сенім біріктіреді. Қазақта «Туы бірдің – түбі бір, жолы бірдің – жүгі бір» деген сөз бар. Еліміздегі түрлі этнос өкілдері көк байрақтың астында тұтасып, тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Біздің мүддеміз де, жолымыз да, мұратымыз да – ортақ. Бұл – Әділетті, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанды құру. Осы береке-бірлігімізді сақтап, нығайта берсек, кез келген биікті бағындырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Содан кейін Президент оқуын үздік бітірген курсанттарға ту түбінде шен тапсыру жақсы дәстүрге айналғанын айта келіп, жас сарбаздарға сөз арнады.

– Көк байрақ жауынгерлерге айрықша күш-жігер береді, отаншылдық рухын көтереді. Осындай сәттерде әр азамат туған елге қызмет ету перзенттік парызы екенін терең ұғынады. «Тұлпар мініп, ту алған» жажүрек батырлардың ұрпағы екенін сезнеді. Отан күзетінде тұрған ұландарымызды баһадүр бабалардың бүгінгі ізбасары деуге болады. Қастерлі Туымызды әрдайым тік ұстаныңдар! Мен бұған кәміл сенемін!

Байрағымыз биікте желбіресін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты рәсімде Қорғаныс министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Ішкі істер министрлігіне, Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты оқу орындарының 14 үздік түлегі Қазақстан Республикасы Президентінің – Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысының қолынан офицерлік шен алды.

Іс-шара соңында Мемлекеттік күзет қызметінің, Қорғаныс және Ішкі істер министрліктерінің Құрмет қарауылы роталары Президент пен жиналған қауым алдынан салтанатты түрде сап түзеп өтті.

Ту көтеру рәсіміне мемлекеттік органдардың басшылары, Парламент депутаттары, Ұлттық құрылтай мүшелері, «Халық қаһарманы» және «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының иегерлері, жоғары әскери оқу орындарының курсанттары мен олардың туыстары қатысты.

/// ПАТРИОТТЫҚ АКЦИЯ

ЕРКІНДІК ТУЫ, ЕЛДІКТІҢ ҮНІ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылордадағы «Рәміздер алаңында» 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күніне арналған жалпыұлттық патриоттық акция өтті. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Мерекелік іс-шараға облыстық мәслихат төрағасы, облыс әкімінің орынбасарлары, құқық қорғау органдарының басшылары, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы, зиялы қауым, саяси партиялар, этномәдени бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

Салтанатты шара театр актерлері мен облыстық филармонияның аралас хорының, «Ай-ару» би ансамблінің «Алаштың асқақ арманы» қойылымымен басталды.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты құттықтап, тәуелсіз еліміздің өркендеу тарихындағы мемлекеттік рәміздердің маңыздылығын атап өтті.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Көк байрағымыз – мызғымас мемлекеттіліктің белгісі. Елтаңбамыз – азаттықтың айшықты көрінісі. Әнұранымыз – еркіндік пен елдіктің үні. Тәуелсіздіктің осы үш символы халқымызға ерекше рух береді. Әрқайсымыздың кеудемізге мақтанаш ұялатады» деген болатын. Рәміздердегі әрбір нышан халқымыздың өткені мен бүгінін бағамдап, келешекке ұмтылған адал ниетімізді, байыпты мақсатымызды айшықтайды. Біздің мемлекеттік рәміздеріміз Қазақстанды күллі әлемге бейбітшілік пен татулықтың символы ретінде дәріптеуде. Бүгінде көк Туымыз халық-

аралық аренада, әлемдегі алпауыт ұйымдардың төрінде Тәуелсіз Қазақстанды танытып келеді.

Биылғы жыл Мемлекет басшысының бастамасымен «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланды. Бұл бастама – тек атаулы жыл емес, қарапайым еңбек адамдарына деген шынайы құрмет. Кез келген өндірістің, кәсіпорынның немесе инфрақұрылым саласының дамуы алдымен шебер жұмысшылардың еңбегіне байланысты. Еңбек адамын дәріптеу біртұтас қоғам мен жас ұрпақтың тәрбиесі үшін аса маңызды. Елтаңбамыз еңселі, Туымыз тұғырлы, Әнұранымыз айбынды болғай! Тәуелсіз Қазақстанымыз жасай берсін! – деді облыс әкімі.

Шара барысында хордың сүйемелдеуімен Мемлекеттік Гимн жанды дауыста шырқалып, жас өнерпаздар мен жергілікті әншілер патриоттық әндер орындады. Содан кейін 10 автокөлік пен 35 велшеруші қала көшелерімен шеру жасап өтті.

Патриоттық акция аясындағы тағы бір шара ипподромда болды. Ат құлағында ойнаған шабандоздар Мемлекеттік туды биікте желбіретіп, батыр бабалар рухын көтерген дәстүрді жаңғыртты.

«СБ» ақпарат

ҚҰРБАН АЙТ – АҒАДАЛ ПЕЙІЛДІҢ АЙНАСЫ

Құрбандық шалу Ибрагим пайғамбардан бері қарай шықты деген түсінік бар. Негізі бұл қасиетті ұғым – Адам ата дәуірінен бері қарай келе жатқан ғибадат.

Өзара таласы бар Абыл мен Қабыл ақтығын дәлелдеу үшін мал құрбандығын шалады. Ақырында Абылдың құрбандығы қабыл болады. Бұл туралы Құран кәрімнің «Мәйда» сүресінде айтылған. Осылайша, Аллаға ғибадат ретінде құрбандық шалу Жаратқанның елшілері арқылы жалғасып, Ибрагим пайғамбар дәуіріне жеткен.

Мұның бір бөліміз мандай тірейтін оқиғасы бар.

4-бет



СЫР мен ЖЫР

«Өнер орталығында» көрнекті ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, «Барыс», «Құрмет» ордендерінің иегері Ұлықбек Есдәулеттің «Сыр мен жыр» атты шығармашылық кеші өтті.

Кештің ашылуында театр артистері ақынның «Біз – Түркілерміз!» өлеңіне әзірленген әдеби-музыкалық қойылымды көрермен назарына ұсынды.

– Біз – түркілерміз, Көк тәңірден көңілге нұр тілерміз, Көк аспандай әлі де күркіреміз. Көк бөрілі көк байрақ көкке шыкса, Қай дұшпанның алдында іркілерміз? Біз – түркілерміз, түркілерміз! – деп

Алаштың айбынын танытқан отты, рухты жыр шумақтары тыңдаушысын тебіртпейтін мүмкін емес.

Кеш иесіне аймақ жұртшылығы атынан құрмет білдірген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасы бар ақынның шығармашылығына тоқталып, сөздің киесі қонған Сыр елі – жыр елі үшін мұндай жүздесудің рухани маңыздылығын атап өтті.

2-бет



ЖОСАЛЫ КӨРІКТЕНІП КЕЛЕДІ

21 мыңнан аса халқы бар, өзіндік тарихымен, өзге өңірден өзгеше табиғатымен ерекшеленетін Жосалы кентіне арнайы іссапармен барып қайттық. Кентке табан тіреген сәтімізден-ақ кент әкімдігінің бөлім басшысы Нұрғұл Тоғанасқызы қарсы алып, Жосалының бүгінгі тыныс-тіршілігімен таныстырды.

Қасиетті Қармақшы ауданының орталығы Жосалы кенті кейінгі жылдары жаңаша кейіпке енген. Көз субсінтерлік өзгеріске куә болдық. Тазалық пен тәртіп, абаттандыру жұмыстары жүйелі ізге түскен. Жол жөнделіп, көшелердің көркеюі көңіл қуантады. Бұл – тұрғындар мен жергілікті биліктің бірлескен еңбегінің, тынымсыз тіршілігінің жарқын нәтижесі екені сөзсіз.

3-бет



Валюта бағамы \$ 512,1 kzt

€ 583,64 kzt

₸ 6,5 kzt

Ауа райы: Сенбі



+38°



+24°

Жексенбі



+35°



+27°

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ОТАНДЫҚ ӨНІМ ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде отандық өнім өндірушілерді қолдау мәселесі талқыланды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Басқосудан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

– Отандық өнім өндіруші кәсіпкерлерді

қолдау басты назарда болуы тиіс. Жергілікті тауарөндірушілердің өнімдерін өткізу үшін мұнай-газ секторындағы жер қойнауын пайдаланушылармен ұзақ мерзімді келісім-

шарт жасау маңызды. Өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған сапалы жобаларды әзірлеп, қаржы ұйымдарына ұсыныңыздар, – деді облыс әкімі.

Өткен 4 айдың қорытындысы бойынша өңірдің өңдеу өнеркәсібі саласында 124 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда көрсеткіш 23,6%-ға артты.

Жергілікті тауарөндірушілерді қолдауда жоспарлы жұмыс бар. Үкіметтік бағдарламалармен қатар, 2 шағын өнеркәсіп паркі салынуда. Парктерде орналасатын жобаларға жылдық 3 пайызбен жеңілдетілген несие беру қарастырылған. Қосымша 5 шағын өнеркәсіптік аймақ құру үшін Өнеркәсіпті дамыту қорына 5 млрд теңгенің өтінімі жолданды.

Өңірде жыл басынан бері жеке кәсіпкерліктің 491 жобасы қаржыландырылды. Жергілікті өнімдерді өткізу бойынша кәсіпорындармен 74 меморандум жасалды. «Қазпатент» ұлттық зияткерлік меншік институты арқылы географиялық нұсқама құқығын пайдалануға 12 өнім тіркелді.

Бұған қоса, ірі кәсіпорындардың өзекті мәселелері шешімін тауып келеді. Шыны зауытының жұмысы тұрақты. Зауыт іске қосылғаннан бері 45 млрд 600 млн теңгенің 37 млн текше метр өнімін өндірді. Былтыр маусым айында қуаттылығы жылына 5 млн шаршы метр энергия үнемдейтін шыны өндірісінің жаңа желісі іске қосылды.

/// ТАҒАЙЫНДАУ

АЙЗАТ ІЗТІЛЕУОВА – «ҚАЗПОШТА» АҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай мәжіліс өтті. Онда «Қазпошта» акционерлік қоғамы төрағасының бұйрығымен Қызылорда облыстық филиалы директоры қызметіне тағайындалған Ізтілеуова Айзат Өмірзаққызы таныстырылды.

Осыған дейін «Қазпошта» акционерлік қоғамы Қызылорда облыстық филиалының директоры лауазымын атқарып келген Кенжебаев Ғалымжан Арыстанбекұлы Ұлытау облыстық филиалының директоры қызметіне ауысты.

Облыс әкімі жаңа басшының қызметіне сәттілік тілеп, халыққа қызмет көрсету сапасын одан әрі арттыруды, аудандар мен ауылдарда пошталық, қаржылық және логистикалық қызметтерді тиімді іске асыруды тапсырды.

Ізтілеуова Айзат Өмірзаққызы 1972 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қазак мемлекеттік басқару академиясында «Экономист» мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын 1995 жылы жылу-электр орталығында бухгалтер ретінде бастаған.

Әр жылдары жеке серіктестіктерде, «Қазпошта», «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамында жауапты қызметтер атқарған. 2018 жылдан осы күнге дейін «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы директорының орынбасары қызметінде болған.

ЛӘЗЗАТ АЙТЫМБЕТОВА – ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кадрлық өзгерістерге қатысты мәжілісте Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы лауазымына тағайындалған Айтымбетова Ләззат Қанибайқызын таныстырды.

Осыған дейін аталған департамент басшысы болған Байменова Ғалия Абсадыққызы зейнет жасына жетіп, құрметті еңбек демалысына шықты.

Облыс әкімі Ләззат Қанибайқызының жаңа қызметіне сәттілік тілеп, бірқатар міндет жүктеді. – Жаңа басшыға медициналық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау функцияларын атқаруды, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысын қатаң бақылауды тапсырамын, – деді облыс әкімі.

Айтымбетова Ләззат Қанибайқызы 1974 жылы Қармақшы ауданында дүниеге келген.

Шымкент мемлекеттік фармацевтикалық институтында «Провизор», Орталық Азия университетінде «Қаржы және несие» мамандықтары бойынша білім алған. Еңбек жолын 1996 жылы Қызылорда қалалық перзентханасында дәріхана провизоры ретінде бастаған.

Әр жылдары Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінде, облыстық денсаулық сақтау басқармасында, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында жауапты қызметтер атқарған. 2024 жылдан осы күнге дейін Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінде басшылық лауазымдарда абыройлы еңбек етті.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

СЫР мен ЖЫР

– Биыл наурыз айында Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы құрылтайдың келесі 5-ші отырысын Сыр бойында, бір ғасыр бұрын Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиында қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқаттатты. Президентіміз халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы қайтарылған, тарихи әділдік орнаған Қызылордадағы маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс екенін атап өтті. Бұл – біз үшін зор мәртебе, Президентіміздің өңірімізде атқарылып жатқан жұмыстарға берген оң бағасы деп білеміз.

Бүгінгі шығармашылық кеш – осы атаулы датаға арналған шаралардың бірегейі. Ойлы да сыршыл, киялы ұшқыр, лирик акын Ұлықбек Есдәулет – тарих тереңіне бойлап, тамырын қалмамен аршып, ұлт мұрасын биік көтерген ерекше дарын иесі, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қызылорда облысының құрметті азаматы, акын Шәһизада Әбдікәрімов Ұлықбек Есдәулеттің қайсыбір шығармасы болсын, түп-төркінінде ұлттық мүддеге сай өмірлік құндылықтар тұратынын, сондықтан да халықтың жүрегіне жақын екенін айтты. Сөзін қорыта келе, бүгінгі қоғамдағы акын болмысына қатысты өзіндік ой-пайымын өлең шумақтарымен өрнектеді.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, республикалық «Ана тілі» газетінің бас редакторы Ерлан Жүніс кеш иесі Ұлықбек Есдәулеттің ізінен ерген жас ақындарға ағалық қамқорлығы мен қолдауы ерекше екенін айтып, ізгі тілегін жыр жолдарымен жеткізді.

Өмір жолына қысқаша тоқталсақ, Ұлықбек Оразбайұлы 1954 жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Үлкен Қаратал ауылында дүниеге келген. Орта білім алған соң С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, М.Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы Жоғары әдеби курстың поэзия бөлімін бітірген. Гуманитарлық ғылымдар академиясының құрметті академигі.

Ең алғашқы «Қанат қакты» жыр жинағы 1974 жылы жарыққа шықса, одан кейін «Жүлдіз жарығы», «Алтайдың алтын тамыры»,

1-бет



«Ұлыстың ұлы күні», «Ақ керуен», «Жаратылыс», «Жүректегі жарылыстар», «Алтай асулары», «Заман-ай», «Киіз кітап», «Ахиллестің өкшесі» өлеңдер жинағының, сонымен қатар, қазақ тіліндегі 5 томдық шығармалар жинағының авторы. Үнді, түрік, фин, африка, алжир, украин, әзербайжан, қырғыз, абхаз, моңғол, саха-якут және басқа халықтардың ақындарының өлеңдерін, М.Лермонтов, А.Блок, Д.Кедрин, Н.Рубцов шығармаларын қазақ тіліне аударған. Сондай-ақ, акын шығармалары шет тілдеріне аударылған. Айта кетейік, Ұ.Есдәулеттің сөзіне жазылған Т.Мұхамеджановтың «Заман-ай» әні сол кезеңде «Семей-Невада» қозғалысының әнұранына айналып, елдің рухын көтерген еді.

Кеште сөз алған акын Ұлықбек Есдәулет Сыр халқының қазақтың қара өлеңіне деген ықылас, құрметіне алғысын білдірді.

– Сыр өңірі, Қызылорда туралы айтсақ, көңіліміз тарихтың тереңіне бойлап кетеді. Шәкәрім атамыздың: «Сыр – Алаштың анасы» деген сөзі бүгінде елдің аузында жүр. Ал енді мұсылманның аңыздарына баратын болсақ, жәннаттан төрт өзен ағып шығады, сол төрт өзеннің біреуі – «Сейхун» деп аталады дейді.

«Сейхун» деп отырғанымыз осы – Сыр өзені. Сондықтан сөз өнері, жыраулық, шайырлық, әншілік, күйшілік осы өлкеден басталса, соның бәрі тегін емес. Жалпы түрік дүниесінің рухы мәңгілік өмірді іздеген Қорқыт атадан бастау алады. Ал Қорқыт бабамыздың қобыздың сарыны үзілмей, әлі күнге осы Сырдың бойында, сайын даланың самалымен күйін тартып тұрғаны ғанибет емес пе?!

Қазақтың намысының, ар-ожданының, арман-мұратының биіктігі осы рухани жолдан басталады. Бүгінде осы топырақтан айтулы ақындар, батырлар шығып жатса, соның бәрі Жиенбай жырау бастаған Сыр сүлейлерінің, Жалаңтөс баһадүр, Жанқожа бастаған қаһармандардан қалған қасиет десек болады, – деді Ұлықбек Оразбайұлы.

Кеш барысында Ұ.Есдәулеттің сөзіне жазылған Т.Мұхамеджановтың «Ақ желкен», «Беу балалық», «Құс жолы», Е.Әбдіхалықованың «Көздеріне ғашықпын», И.Крутойдың «Ақ бесік» әндерін, парсы әні «Перизатты» Сыр өнерпаздары әуелете шырқап, көрерменге керемет әсер сыйлады.

**Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»**

АҚОРДАҒА БАРҒАН БАЛАЛАР

Балаларды қорғау күніне орай еліміздің барлық өңірінің оқушылары Ақордада қонақ болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясына оқу үздіктері, пән олимпиадаларының, республикалық және халықаралық байқаулардың жеңімпаздары, спорт сайыстарының жүлдегерлері, батыл әрекетімен көзге түскен балалар барды. Ақорданың кішкентай қонақтарының қатарында көпбалалы отбасылардан шыққан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және қажеттілігі бар жеткіншектер де бар.

Қызылорда облысынан отбасы үлгісіндегі балалар ауылы тәрбиеленушісі, «Mansap» мектебінің 6-сынып оқушысы Александр Турсунов, №253 орта мектебінің 8-сынып оқушысы Асылжан Орынбай, №264 мектеп-лицейінің 8-сынып оқушысы Ержігіт Сармырзаев, №101 мектеп-лицейінің 8-сынып оқушысы Акмөйірм Еламан, Жалағаш ауданының №38 орта мектебінің 5-сынып оқушысы Мерей Бахыт қатысты.

Экскурсия кезінде оқушылар Ақорданың орталық салтанатты қолы мен ресми қабылдаулар өткізуге арналған залдарды, Мемлекет басшысының кітапханасын, сондай-ақ резиденция



аумағындағы бақты аралады.

Экскурсоводтар ғимарат құрылысының тарихын, оның ерекшеліктері мен мұнда өтетін іс-шараларға байланысты қызықты фактілер жайында мәлімет берді.

Сонымен қатар оқушыларға Президент атынан естелік сыйлықтар табысталды. Өңірлерден келген балалар елорданың көрікті орындарын да аралап, жақсы көңіл күймен үйлеріне оралды.

**Д.ӘБУБӘКІРОВА,
«Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының әдіскері**

/// РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

ЖАЙҚАЛА БЕР, ҚЫЗЫЛОРДА!

«Бітер істің басына жақсы келер қасына» дегендей, облыс әкімі болып Нұрлыбек Нәлібаев келгеннен бастап ең бірінші қаланың тазалығын қолға алды. Тазалық әр адамнан, әр көшеден басталуы керек. Жұмысшылар таңертеңнен кешке дейін күннің ыстығына, суығына қарамастан еңбек етіп келеді.

Оған жастар қозғалысының да үлесі көп. Вандализммен, руқсат етілмеген жерге коқыс тоғушылармен күрес жүргізіп келе жатқан белсенділер бар. Бұларды жаңа адамдар, жаңа қоғамның айнасы дейміз. Өз еліне, туып-өскен жеріне деген адал жастардың қозғалысы.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясына полиция қызметкерлері де өз үлесін қосып жатыр екен. Ендігі жерде жастар қозғалысы, полиция қызметкерлері Заводская көшесінің бойындағы каналдарға, халық демалатын тренажер алаңдарына,

шөмішке шағып, темекісін шегіп, ыдыстарын канал ішіне лақтырып кететіндерге күнделікті кешке қарай рейд жасап отырса деймін.

«Сыр ана» монументі, Президент паркі – нағыз демалатын орындар. Таңғы сағат 6-дан бастап, ең үлкені 80-ге келген әжелер осы жерге таза ауада серуендеуге, демалуға келеді. Таңертеңгі таза ауамен жаяу жүріп, мешіттің алаңындағы тренажерларға келіп, гимнастика жасайды, йогамен айналысады. Демалып, әңгімелерін айтып, соңынан батасын беріп үйлеріне тарайды. Бұл күнделікті әдетке айналған.

Жастардың болашағын ойлап, білім алуына «Жайлы мектеп» салынып көбейіп жатыр. Қаншама құрылыс түсіп, әлеуметтік жағдайы төмен және көпбалалы отбасыларға кезегімен үй берілуде. Дария бойы, сол жағалау, Тасбөгет, Арай, т.б.

шағын аудандарда әсем де көрікті көпқабатты үйлер көбейіп келеді.

Өткенді еске алсаң, 1963 жылы болу керек, үлкен көшелердің бойындағы бағаналарда қалқанды радиолар болатын еді. Таңертең сағат 9-дан бастап «мен диктор Сәбит Жаңабаев деп», «Қызылорда вальсімен» бастап, соңынан Қызылорданың жаңалықтарын таныстыратын.

– Шалқыған шаттық әні

бақтарында, Бөленген көшелері ақ қайыңа, Дарияның жасырында бір қала бар, Айналан Сыр елінің мақтанына, – деп шырқалатын.

Сол «Қызылорда вальсін» қазіргі таңда неге шырқамасқа? Осы өлеңді жаңғырту керек, ұмыт болып кетті.

**Күләш АЙНАБАЕВА,
ардагер-ұстаз**



/// ДЕНСАУЛЫҚ

Бірадамныңағзасы6-7 адамның өмірін сақтап қалуға қауқарлы. Бұл – бүгінгі медицинаның ғылыми дәлелдеген жетістігі. Бір мәйіттен алынған ағза бірнеше адамды өлімнен арашалап, әрі қарайғы өмір сүруіне мүмкіндік сыйлайды. Дегенмен меди-цинаның осы саласына халықтың көзқарасы қандай? Трансплантациялау әдісін кім қалай түсініп жүр? Осы тұрғыда біз көпбейінді облыстық аурухананың нефро-логия бөлімшесінің меңгерушісі, облыс бойынша транс-плант үйлестіруші, жоғары дәрежелі нефролог Лиза Нариманқызы Нұрсұлтановамен сұхбаттасқан едік.



«НАУҚАСҚА ДОНОР ТАБУ – ЕҢ ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ БІРІ»

– *Созылмалы бүйрек жетіспеушілігінің алғашқы белгілері қандай?*

– Созылмалы бүйрек жетіспеушілігінің бес сатысы бар. Үшінші сатысынан бастап, яғни бүйректің 60% істен шыққан кезде оның алғашқы белгілері пайда болады. Адамның тілі кеуіп, аузы құрғайды, көп шөлдейді, басы ауырады және әлсіздікті сезінеді. Солай бола тұра аурудың бұл клини-калық белгілеріне көптеген науқастар аса назар аудармайды. Көбіне шар-шағандықтың себебінен екен деп, қазақшылыққа салынып шай ішеді, демалады, артынша өзін жақсы сезін-гендей болады. Ал негізіне келгенде, бұл бүйрек жетіспеушілігінің бас-тапқы белгілеріне жатады. Сол себепті әрбір адам осындай белгілерді бай-қаған кезінен оны жай қалдырмай, өзінің емханасына барып, міндетті түрде тексерілуі керек. Кейбір нау-қастар дәрігерге көрінбей ауыр ке-зеңіне жеткізіп келеді. Ал бұл науқастарды бесінші сатысында, яғни бүйрек тек он пайыз ғана жұмыс жасаған кезде біз гемодиализге ала-мыз, яғни ағзаны артық шлактардан арылтып, қанды жасанды бүйрек аппаратымен тазартамыз.

– *Бүгінде облыс бойынша гемо-диализде жүрген науқастардың саны қанша?*

– Қазіргі күні біздің аймақта 361 адам диализ алып жүр. Қызылорда облысы бойынша екі диализ орталығы бар. Донор арқылы ағза алмастыр-ғандардың қатарында 95 бүйрек са-лынған адам бар, оның ішінде 3-еуіне мәйіттен алынған (2007ж), қалған 92 адамға өзінің бауырлары, туыстары не жақындары бір бүйрегін берген. 12 адамға бауыр салынған, соның ішінде 1-еуі мәйіттен алынған. Барлығы им-муносупрессивтік дәрілерін уақыты-лы ішіп, емдерін кешіктірмей қабылдап отырады.

– *Мәйіттен алынған ағза туралы айтып қалдыңыз. Осы жөнінде*

толыққанды тоқталып өтсеңіз.

– Қазіргі кезде әлем бойынша мәйіттен ағза алып салу тәжірибесі жасалған, яғни адамның ағзасындағы бүйрек, жүрек, өкпе, ұйқы безі, бауыр және көздің қасан қабығын келесі адамға ауыстырып салуға болады. Мысалы, жол-көлік апаты болды делік, ал науқас сол аурухана төсегінде жатып есін жимай кетті. Оған жасалған барлық ем көмектеспегеннен кейін мидың өлімі деген диагноз тіркеліп, оның өзге ағзалары арнайы аппарат-тың көмегі арқылы жұмыс жасайды. Мұнан соң арнайы мамандардан құралған комиссия мәйіттің ағзаларын алуға байланысты шешім шығарады. Мұның барлығы да бізде заңда көрсетілгендей, келісім презумциясы бойынша жасалады. Егер мәйіттің туыстары табылмай жатса не туысы жоқ болса, егер ми өлімі дерегі тіркел-ген адам тірі кезінде емханаға барып өзінің келісетін немесе келіспейтіндігін білдірмеген болса, заң жүзінде ол адам келісімін берген болып саналып, донор есебіне жатқызылады. Деген-мен, заң қанша жерден рұқсат етіп тұрса да, біз оның туыстарын тауып, келісімін алуға тырысамыз. Ал мем-лекеттегі кез келген адам тірі кезінде емханаға барып, өзінің арызында дүниеден өткеннен кейін ағзасын алуға келіспейтіндігін білдіріп, арыз жазып қойған болса, заң бойынша біз оның ешбір ағзасын ала алмаймыз. Біздің Сыр өңірінде адамдардың 90 пайызы науқастардың жағдайына түсіністікпен қарағанымен, келісім бере қоймайды.

– *Келісім берудің мұншалықты қиын болуының себебі неде деп ойлайсыз?*

– Насихаттың аздығынан деп есептеймін. Негізі біздің ислам діні-мізде шариғатта, православие дінінде де ағзаларды алуға рұқсат етілген, яғни, бір науқасқа көмектесу арқылы сол адам сауатты іс жасайды. Бір

адамның өмірін аман сақтап қалғаның бүкіл елге көмек бергеніңмен тең саналады екен. Мұндай жағдай кез келген адамның басына түсіп, оған донор қажет болуы мүмкін. Меди-цинаның бұл саласы кейінгі 3 жылдан бері Қазақстанда енді ғана күшіне еніп, дамып келе жатыр. Бұл жағынан солтүстік өңірлер белсендірек, яғни мәйіттердің ағзасын донорлыққа беруге оның жақындары, туыстары рұқсаттарын береді. Ал оңтүстік ай-мақтарда, атап айтқанда, Қызылорда, Шымкент, Тараз өңірлерінде транс-плантация турасындағы насихат ха-лықтың санасына толық сіңбей жатыр. Көпшілік «ағзасын беруге болмайды» деп ойлайды. Бірақ мен оны дұрыс емес деп есептеймін. Сіз өзіңіз адам-ның жаны қай жерде деп ойлайсыз?

– *Адамның жаны... менің ойымша санасында...*

– Дұрыс айтасыз, санасында. Ал сана дегеніміз ол – бастағы ми. Тіпті қасиетті дінімізде де адамның санасы кызмет етуін тоқтатқан кезде, оның жаны да ұшып кететіндігі туралы айтылады. О дүниелік болған адамның ағзалары оған бұл өмірде көмек-тескеннен, қайтыс болғаннан кейін іске اسپайды. Мұны кинофильмдердің өзінен көрсетіп те жатыр. Ми өлімі тіркеліп қайтыс болған адам өзінің жүрегін не басқа ағзасын бір науқас жанға беріп көмектесетін болса, оның бір бөлшегі мына өмірге әлі де қызмет етіп жатыр деген сөз. Ағзасы басқа адамға ауыстырылса, сол адам оған жақынындай болып кетуі де мүмкін.

– *Естуімізше, донорлыққа өз еркімен келісім берген адам мүгедектік жәрдемақысын алмайды екен. Қарап отырсақ, донор бола отырып, ол қоғамдағы бір адамның өмірін аман сақтап және донор болғандығы үшін де ешқандай ақы алмайды. Бұл қаншалықты дұрыс?*

– Негізі қалыпты адамда екі бүйрек жұмыс жасайтынын көбіміз білеміз.

Бірақ жаратылысынан бір ғана бүйрекпен туатын адамдар да бар. Өмірге келген сәтінен оның бір бүйрегі екі бүйректің қызметін атқарады және ол адам ешқандай мүгедектікке шықпайды. Егер ол кісінің денсау-лығына қатысты қосымша қиын-дықтар туындап, бүйрек жетіс-пеушілігі белгілері білініп жатса, тек сол кезде біз науқасты мүгедектік топқа дайындаймыз. Ал ағза берген адамдар мүгедектікке жіберілмейді. Олар тек донор ретінде есепке алынады. Диспансерлік есепте тұрған кісілермен қатар, донорлар да жылдың

рындасы бір бүйрегін берді. Сол кезде Сызғанов атындағы институттан хирургтар арнайы келіп, ота жасады. 2024 жылы Қызылорда қаласында 6 науқасқа туыстарынан бүйрек, 1 науқасқа бауыр салынды. Бізде донор мен реципиенттің отаға дайындық жұмыстары жүргізіледі. Ал қай өңірге барып ота жасататынын науқас өзі тандайды. Қызылорда облысы бо-йынша біздің мамандар ТМД ел-дерінде және басқа шет елдерде өтетін халықаралық семинарларға қатысып, біліктілігін арттырып отырады. Сондықтан білім мен біліктілік деңгейі Қазақстанның басқа аймақтарынан да, шет ел мамандарынан да артта қалып жатқан жоқ. Өкінішке орай, әлі күнге отандық дәрілер шығарылмады. Шет-елдік дәрілер өте қымбат, сол себептен жергілікті бюджеттің қаржыланды-руымен аламыз. Емделушілер жүз пай-ыз онымен қамтамасыз етіліп тұрады. Өйткені оны күнде ішіп отыру қажет.

– *Бүгінгі күні өңірде донорға мұқтаж қанша адам бар?*

– Бізде «Күтім кезегі» деген бар. Олай сайын жаңартылып, қадағаланып тұрады. Бүгінгі күні 361 адам диализде тіркеуде тұр және олар ауруханаға келіп тексеріліп, жатып диализін алып емделіп жүреді. Донорға мұқтаж бүйрекпен 144 адам күту парағында тұр. Ал оларға донор табу, мәйіттен ағза алу біздің өңірде – ең өзекті проблемалардың бірі.

– *Мұның шешудің жолын қалай түсіндіру қажет деп есептейсіз?*

– Бұл туралы аппараттар көпшілікке ұғынықты болу үшін насихатты кеңінен түсіндіргенді дұрыс деп есептеймін. Бірнәсерет студенттермен кездесулер ұйымдастырып, лекциялар оқыған болатынымын. Жастар қазіргі күннен бастап дұрыс жолмен жүріп, спортты сенімді серіктеріне айналдыра білсе, мұның барлығы денсаулықтың кепілі, яғни олар мұндай аурудың алдын алар еді. Бір жағынан ағза донорлығына байланысты жастардың пікірін білгім келді. Алғашқы лекцияларда олар 100 пайызға қарсы болды. Ал соңғы лекциямен алдарына шыққанымда, олардың елу пайызы донор болуға дайын екендерін жеткізді. Емделушілермен үнемі сұхбат жүргізіп, олардың ойын біліп отыру – біздің құпиялық жұмысымыз. Сондықтан донорлыққа байланысты халықтың көзін ашып, осы жөніндегі сауаттылық деңгейін арттырсақ деген ойдамыз. Насихат жұмысын жүргізу үшін алда жоспарлар көп және ерікті жастарды жұмылдырсақ дейміз. Мұндай оқиға кез келген жанның басына түсуі мүмкін. Сондықтан адамдар бұл өмірде бір-біріне көмектесіп, қол ұшын созулары қажет.

Сұхбаттасқан
Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ЖОСАЛЫ КӨРІКТЕНІП КЕЛЕДІ

АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Өткен жылы аудан орталығында Қ.Жолдыбаев көшесінің Абай мен Е.Көшербаев көшелері аралығы абат-тандырылып, ұзындығы 330 метр болатын канал арығына темірбетон лоток орнатылды. Жаяу жүргіншілерге арналған жол төселіп, саябақ орын-дықтары орнатылды. Дәл осындай жұмыс Т.Рысқұлов көшесінің Е.Кө-шербаев көшесінен дарияға дейінгі бөлігінде, Абай көшесінің кіреберіс 1-аумағында және І.Мүсірбаев көшесі бойында да жасалды. Биыл Т.Рысқұлов тұйығы абаттандырылып, Әуезов және Сейтжан ахун, М.Шоқай көшелеріне жаяу жүргінші жолы салынатын болады.

Кентті аралау барысында байқа-ғанымыз арықтар мен каналдарда аяқсудың молдығы. Бұл қоғалдандыру жұмыстарын жүйелі әрі тиімді жүр-гізуге үлкен мүмкіндік беретіні сөзсіз. Нұргүл Тоғанасқызының айтуынша, бүгінде кент тұрғындары аяқсумен толық қамтылған.

– Жосалы кентінде 74 шақырымды құрайтын аяқсу арықтары бар. Оның ішінде 32 шақырым негізгі, 42 ша-қырым көшеаралық арықтар. Аяқсу Сырдария өзені арқылы 5 бағытта электрлі насоспен беріледі, – деді ол.

Қоғалдандыру жұмыстарын айтқанда «Жасыл белдеу» ерекше тоқталған жөн. Өткен жылдан бастап кенттің кіре берісінен «Жасыл белдеу» бой көтерді. Оған кара ағаш, катальпа, клень, туя ағаштарын егіп, тамшыла-тып суару әдісімен жетілдіріп отыр. Бұл бастама толығымен жүзеге асса айналаны абаттандырумен қатар экологиялық ахуалды жақсартуға зор үлес қоспақ.

– Өткен жылдан бастап тұрды жерге төзімді көшеттер егу тәжірибе ретінде енгізілді. Қорқыт, Аманкелді, Абай, Тауекелов, Рысқұлов көшелері, сондай-ақ Қобыз, Мәңгілік алау, Қазақ хандығы, Мәңгілік ел, Дөңгелек бак және Жастар саябақтары мен «Жасыл белдеулерге» шамамен 7000 түп ағаш отырғызылып, күтімге алынды. Шыны керек, елу жылдан кейінгі егіліп

жатқандықтан басында күмән болды. Жөк жаман емес, егер күтімін жасап, тыңайтқышын уақытылы беріп, суарып отырсаң шығады екен. Биыл-дан бастап тамшылатып суару әдісі енгізілді. Қазіргі таңда көшеттердің 90 пайызы көктеп, тамыр жайды. Биыл тағы да 2000 тал егілді. Алдағы уақытта да кезең-кезеңімен жалғасын табатын болады. Мәселен, биыл Д.Мырзағалиева көшесін қоғалдан-дыру жоспарда бар. Қазір аяқсу мәсе-лесі шешілді. Егер бұл жоба толық іске асса теміржол бойындағы көшелердің сәулеттік келбеті түбегейлі өзгереді, – дейді Нұргүл Сарыбаева.

Кент тұрғындары үшін мал жайылымдық жер күрделі мәселенің бірі. Десе де кент әкімдігі мұның да шешімін тапқан. Сарыөзек көліні қол-дан суару арқылы тұрғындарға жағдай жасап отыр. Жыл сайын көлді сулан-дыру және жайылымдық жерлерді қалпына келтіру бойынша Сырдария өзеніне СНП500/10 дизельді моторын орнатып, көктемде және күзде көлге су айдау жұмыстарын жүргізеді. Биыл ғана дария деңгейінің көтерілуіне байланысты қаңтар айында Сарыөзек көліне шамамен 2 млн 080 мың текше метр су жіберіліп, көл 82 пайыз суға толды.

Кенттегі енді бір шешімін тауып жолға қойылған шаруа – балалар ойын алаңының салынуы. Бүгінде 13 ойын алаңы кішкентай қармақшылықтарға қызмет көрсетуде. Былтыр Д.Мыр-зағалиева және Ә.Жаназаров көше-леріне және Қорқыт бекетіне балалар және футбол алаңдары салынса, биылғы жоспарда М.Құдабаев және Ынтымақ көшелері тұр. Ал халықтың демалысы үшін 11 саябақ бар. Алдағы уақытта тұрғындар үшін мәдени-демалыс паркін салу көзделуде.

ЖӨНДЕЛГЕН КӨШЕЛЕР 90 ПАЙЫЗҒА ЖЕТПЕК

Жосалы кентінде тұрғындар қоныстанған 128 көше бар. Оның ішінде: 95 көше асфальтталған, 22 көшеге қиыршық тас төселген. Өткен жылы С.Ысқақов және Ү.Томанов көшелеріне күрделі жөндеу, Меңей батыр, С.Кшенов, Тоғанас батыр және Ж.Әділова көшелеріне орташа жөндеу



жұмыстары жүргізілді. Демеушілік есебінен жалпы ұзындығы 2,7 шақырым болатын қуыс әрі тұйық 11 көшеге қиыршық тас пен Томанов көшесінен шыққан ескі асфальт төселген.

– Биыл «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде Келмембет батыр, М.Шың-ғысов, Н.Нақылов көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жасалуда. Сон-дай-ақ 20 көшеге қиыршық тас жолын салуға, К.Қарақозов, Ә.Әлиасқаров, Береке көшелерін күрделі жөндеуден өткізуге жобалық-сметалық құжаттамасын дайындап ұсынып қойды. Егер осы жобалар жыл көлемінде қаржысы бөлініп жүзеге асса, кентте топырақты көшелер қалмайды. Демек жөнделген көшелер 90 пайызға жететін болады, – дейді кент әкімі Алмасхан Досмұратов.

КӨШЕ ЖАРЫҒЫ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Тұрғындар үшін жарықтандыру мәселесі әрдайым маңызды. Себебі түнгі жарық – көшенің көркі ғана емес,

халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде рөлі зор. Осы ретте Жосалы кентінің 95 көшесінде түнгі жарық-шамдары орнатылып, самаладай



жарқырап, менмұдалап тұр. Бұл тұрғындар қоныстанған 128 көшенің 74,2 пайызын құрайды.

– Өткен жылы Батыс, Сырдария, Бестам, Марал баба көшелері жарық-тандырылды. Бұдан бөлек 9 көшенің 544 жарық бағаналары декоративті жарықпен безендіріліп, кенттің түнгі келбетіне ерекше жарасым беріп тұр. Демеушілер есебінен Әлібай ахун көшесі жарықтандырылды. Сонымен қатар, қысқа, қуыс әрі тұйық 19 көшеге 167 дана бағана мен қажетті тауарлар сатып алынды. Бұл да демеушілер есебінен орнатылып жатыр, – дейді кент әкімі.

Биылғы жоспар да ауқымды. 10 көшені жарықтандыруға жоба-сме-талық құжат әзірленген. Олардың қатарында Ізтілеуов, Келмембет батыр, Тоғанас батыр, Меңей батыр, Мәдірайым ишан, Қазантаев, Қабылан

батыр тұйығы, Н.Нақылов, Тұрмаған-бетов, Қалқай ишан көшелері бар. Егер бұл жоба қолдау тапса жарық-тандырылған көшелердің үлесі 82 пайызға жетеді.

Бұл – Жосалы кенті үшін үлкен жетістік. Себебі, мұндай бастамалар кенттің келбетін өзгертіп қана қоймай, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етпек. Түнгі уақыттағы қауіпсіздік деңгейінің артуы – тұрғындардың игілігі.

Жалпы Жосалы кентінде нақтырақ



айтқанда жарықтандыру, абаттандыру, көшелерді көркейту бағытындағы бастамалар – тұрғындардың жайлы өмір сүруіне жасалған нақты қадамдардың айқын көрінісі. Алдағы уақытта да осы қарқынды сақтап, тұрғындардың әл-ауқатын арттыру жолындағы жобалар жалғасын та-барына сенім мол.

Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»
«Қызылорда-
Жосалы-Қызылорда»



Алмагүл Божанқызы туралы өткен шақ кейіпкері ретінде жазу қиын болғанымен еске алу сәттерін қағаз бетіне түсіріп, кейінгі ұрпаққа өнегелі өмір жолдарын дәріптеу біздің замандастарымыздың азаматтық парызы деп бағалаймын. Шындығы да сол, біз айтпасақ кім айтады?! Адамзаттың саналы перзенттері өздері өмір сүрген қоғамның тарихын өздері қалыптастырып жазып кетпесе, өмір шындығын сол көзкөргендерінің сараптамадан өткен пайымдауларымен қорытынды жасап, ой бөліспесе, кейінгі тарих билік басына келген «шөнділердің» саяси құрбанына айналып кетуі мүмкін...

Өнегеге толы өмір

Алмагүл Божанқызын білетімізге де елу бес жылдың белесінен аттаған екен. Облыстың комсомол – жастар ұйымдарын басқарған уақыттан бастап бірге болдық. Комсомол біздің өмірімізде азамат болып қалыптасуымызға, елді танып, білуімізге, тұрғындардың әлеуметтік мәселелерін шешудегі түйінді кедергілерді анықтауға, халқымыздың өткені мен болашағын бағдарлап білуге, мемлекетімізді нығайтудың негізін айқындауға, тұрақты өмірлік саяси қозғарысымызды қалыптастыруға, біз өмір сүрген қоғамның кай формациясы болмасын тек адамға қызмет жасау үлгісін зерделей білуге, оны өмірге енгізуге, ұлттық намысымызды оятуға негіз қалаған кең ауқымды өмір мектебі болды.

Ал осы қасиеттердің адам бойында қалыптасуы да туған жер топырағының киелілігінде жатса керек. Ауданның жастар ұйымын басқарып, саяси жұмыстардың сан қырлы әдістерін меңгерген Абылай Хангерейұлы Айдоусовтың, Сейілбек Шаухамановтың, Алмагүл Божановалардың кейінгі қызмет дәрежелері бүкіл Сыр бойына аян. Тереңөзек өңірі халқының ауызбіршілігі мол, бір мақсатта еңбек ете алатын қасиетті аймақ болғанын бүкіл ел біледі. Сондықтан да Алмагүл Божанқызының өмір жолының, алған тәрбиесінің басқаша болуы мүмкін емес еді.

Өмір жолымызда әріптестігіміз облыстың мемлекеттік қурылымдарының әртүрлі салаларында жалғасын тапты. Қоғамда болып жатқан өзгерістердің барлығына да куәгер болдық. Жетістіктерімізге қуандық, кемшіліктерімізге күйіндік. Барлық уақытта болашаққа деген сеніміміз жоғалмаған, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруға аға буын өкілдерінің, замандастарымыздың өнегелі істерін кейінгі ұрпаққа жеткізуге бар өмірлік тәжірибеімізді пайдаландық.

Оның ерекше қасиеті: өзінің туған жеріне қатысты мәселелерді шешуде табандылық көрсете білуі, әділеттік атаулыны өзіне жан серік етіп тандап алуы, қызметтің елінің жақсы өмір сүруіне арнаған перзенттік міндеті екенін басқаларға үлгі ете білуі еді.

Осылардың айғағы ретінде өзінің туған ауданында балабақша меңгерушілігінен бастап аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, мектеп директоры, аудандық партия комитетінің хатшысы, аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы, аудан әкімі болып табыны құрметті қырық жылға жуық абыройлы қызмет атқару Алмагүл Божанқызына артылған жоғарғы биліктің де, халқының да үлкен сенімі еді. Облыстағы жоғарғы өкілетті орган – мәслихаттың хатшысы болып сайлануы Алмагүл Божанқызына бұрынғыдан да зор жауапкершілік жүгін жүктеді. Біз біріміз де сол уақыттың куәгері

болғанымыз шындық. Бұрыннан қалыптасқан өмірлік тәжірибесін жаңа заманға лайықтап жетілдіре отырып, облыс тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсарту жолында облыс әкімшілігімен бірлесіп жұмыс жасады. Алмагүл Божанқызының ұйымдастыру қабілетінің шындала түсуіне «Отан» республикалық саяси партиясының филиал төрағасы болып сайлануы да себепші болды. Бұрынғы комсомол, партия жұмыстарында әріптес болған достар, менің жаңадан құрылған партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет атқаруыма тура келді.

Шындығында, сол кездері бағыт, мақсат айқындалғанымен, оның қозғаушы күштері әртүрлі ағымдағы партиялар демократия ұғымын желеу етіп, өз бетінше қимыл жасады, жан-жаққа тартқылады. Ортақ мақсат үшін – қазақ елінің егемендігін негіздеуге, экономикалық қуатын арттыруға, халықтар достығын, ынтымағын баянды етуге жайбарақаттылық байқалды. Айтуымыз керек, осы уақыттарда жаңа партияның облыстағы рөлін нығайтуға Алмагүл Божанқызымен бірге дамылсыз жұмыс істеуге тура келді. Бұл өмір шындығы. Сол уақыт кезеңінде жанында болған азаматтар жақсы біледі. Шынайы бағасын беретін де уақыт екенін білеміз.

Бүгінгі күні оның өнегелі жолын өскелең ұрпаққа жеткізу міндетін алға қойғанбыз. Осы мақсатта зейнеткерлікке шыққаннан кейін «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестік құрып, осы істердің басы-қасында болған Алмагүлдің еңбегі ұшан-теңіз. Елге, қоғамға қызмет жасаудың үлгісін көрсетті. Ұрпақ санасына ізгілік нұрын сіңіруге барынша күш-қайратын аяған жоқ. Өмірінің соңғы жылдарының әрбір күнін ескерусіз қалдырмай күнделік жазды. Баспадан кітаптар етіп шығарды. Өткен өмір жолына өз әріптестерінің, замандастарының алдында Сыр бойының азаматы ретінде есеп берді. Ерекше тұрғыда есеп берді. Өзінің артына өшпес мұра қалдырды. Өзі тұрған үйіне, өзі туралы, замандас-әріптестері туралы музей ұйымдастырып, салтанатты жағдайда өз дастарқанының басында Сырдария ауданының әкімі Берік Сарменбасеқа табыстады. «Ешқандай қайтарымсыз дүние деп қабылдаңыз» деді. Өмірінің соңғы аптасының бір күні де бос болған жоқ. Есеп берді, достарымен жүздесіп, сырласты, телефонмен де хабарласты, шаршағанын білдірмеді. Бұрынғысына жайдарлы көңілімен, әзіл сөздерімен, өз қатарластарына аманат ретінде көпшілікке ой салатындай тілек айтты. Бойынан тіршіліктің қуаты кеткенше көз жанарынан жалынды жастықтың сәулесі нұр шашып тұрғандай болды. Қазақтың қайсар қызына тән мінез көрсетіп, бұл жарық дүниедегі өмірмен қоштасудың да үлгісін көрсеткен ерекше жан болып біздің жадымызда мәңгілікке сақталады.

Сайлаубай ӘБІШҰЛЫ,
«Қазақстан Республикасының алтын жұлдызы» төсбелгісінің иегері, облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

Шәкірт талабын шыңдаған



Мен Әжіхан Тобағабыл-овты екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған жылдардан білуші едім. Оған себеп Сырдарияға су тоспасын салу жөніндегі соғысқа дейін қабылданған шешімді жүзеге асыру үшін карт Қаратау мен айдынды Арал теңізінің арасындағы елді мекендерден халық жиналған болатын. Аудандардан келген адамдар әр төбенің басынан жаздық, қыстық баспана тұрғыза бастады.

Әжіханның әкесі соғыстан оралмағандықтан әкесінің ағасы Жүсіп ақсақалдың тәрбиесінде болған. Олар қармақшылықтар орналасқан бөге өз күшімен бір бөлмелі тоқал там салып, там салуға шамасы келмегендер жерден кепе қазып алған еді.

Осылайша кенттің оңтүстік шығысында жыпырлаған қоныс «Қырық кепе» аталған, айқұш-үйкіш салынған тоқал тамдар пайда болды. Ол кездері Сырдария өзені арнасына толып ағатындықтан, төбе-төбелердің арасында

ыза су шығып жататын, көлік, адам жүре алмайтын. Жұмысшылар, оқушылар шөңгелдің арасындағы жалғыз аяқ жолмен қатынайтын.

Ел жиналған 1945 жылдың қыркүйек айында қазақшарысша оқытатын алғашқы бастауыш кластар ашылды. Бір тұтас мектеп болған жоқ. Сол жеке класс бөлмелерінде аналарымыз шүберектен тігіп берген дорба-сөмкелерге оқу құралдарын салып сабаққа барып сауат ашып, хат таныды.

Бізге соғыстан жарақат алып, аман-есен елге келген, үстінде сұр шинелі бар, ақсандай басып жүретін Мұқанғали Иманғазин, Әбдібек Ағатаев, Раманқұл Сүлейменов, Пірмағамбет Досеков, Ақылбек Қыстаубаев, Қожахмет Рысдаулетов ағайлар саған берді. Сол кездегі оқушыларда балалық шақ болған жоқ. Ерте есейіп ата-аналарына қолғабыс жасады.

Соғыстан кейін халықтың

жағдайы бірден жақсарып кеткен жоқ. Әрбір отбасына адам санына байланысты есептеп берілетін нанның дәмін таттық. Типтік жобадары мектеп 1947-1948 оқу жылында салынды.

Ал қазіргі мешіт тұрған жерде мектеп үйі 1957-1958 оқу жылында пайдалануға берілген еді. Осы мектептен біз және бізден кейін Әжіхан білім алып шықтық. Ол кездегі балалардың білуге деген ынта-ықыласы зор болатын.

Білім алуға деген ынталы жас Әжіхан №11 қазақ орта мектебін бітіріп, Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың «Жаратылыстану» факультетіне түсті. Мамандық алып, өзі оқыған, қазіргі №11 мектеп-лицейінде 10 жылдан астам педагогикалық қызмет атқарды. Шәкірттеріне екінші ата-анасындай болып тәлім-тәрбие берді. Жоғары класс оқушыларын ауыл шаруашылығы жұмыстарына қатыстырып, көмек берумен бірге еңбекке баулады.

Кенттегі халықтың көбеюіне байланысты 1990 жылдан бастап типтік жобадары 1200 орындық мектеп салынып орыс мектебіне берілді де, №11 мектептен 500-ден астам оқушыны орыс мектебіне ауыстырғанда №176 қазақ-орыс мектебі болып қайта құрылды. Мектептердің микроаудандары қайта қаралып үшке бөлінді де, Әжіхан №176 қазақ-орыс мектебіне орналасты. Орта мектепте типтік жобадары жылыжайға жетекшілік жасап, оқушылардың теориялық білімін ұштау мақсатында әртүрлі жобалар жүргізгенін білемін.

Әжекең жаратылысынан жақсы қасиеттерге ие, табиғатынан тәрбиелі еді. Аспайтын, аңғарымпаз ұстаз болды. Кімге де болса жақсылық жасауға дайын тұратын. Сипайы жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен оқушыларға, қатарлас мұғалімдерге үлгі еді.

Әжекең балаларына жақсы тәрбие беріп, жоғары білім алуына қамқорлық жасады. Соның нәтижесінде балалары түрлі мекемелерде жақсы қызмет атқарып келеді. Әжіханды жора-жолдастары, туысқан-бауырлары да қатты сыйлайтын. Кейінгі жылдары ауырып жүрді. Оны көп әңгімелемейтін, бірақ біз сезетінбіз. Науқастанып жүрсе де әңгімелер, пайдалы кеңестер, өсиет сөздер, емдік кеңес, артық болмаса деп кітапшаларды баспадан шығарып, дос-жораларына тегін таратты.

«Адам өмірге қонақ» дейді қазақ. Өмір бар жерде қаза бар. Бұл – табиғи заңдылық, өмірдің, тіршіліктің заңы. Бірақ ізіне өшпес іс, өнеге қалдырған жандар ұмытылмайды.

Ахмет ӘБСАДЫҚОВ,
енбек ардагері



Құрбан айт – ағадал пейілдің айнасы

Ибрагим өзінен кейін халықты тура жолға бастайтын ізгі ұрпақ сұрап, Алла Тағалаға жалбарынады. Бұл тілегі өзі қартайып, үміті үзілгені тұрған шақта орындалады. Зарығып күткен перзентіне Исмаил деп ат қояды.

Сәби сөйлеген сөзінен шырын аққандай қылықты, сүйкімді болып өседі. Бір күні Ибрагим түсінде өз баласын құрбандыққа шалғалы жатқанын көріпті. Мұның Жаратушыдан келген аян екенін түсінген Ибрагим шынында да баласын құрбандыққа шалуға бекінеді.

Кім өз баласын өз қолымен өлімге қисын. Бірақ Алланың берген жаны Аллаға аманат. Ибрагим баласына елжірей қарайды. Баланың әкесі үшін мұншалықты ыстық, мұншалықты қымбат екені дәл сол сәтте тіпті ерекше сезіледі. Көңіліндегі жайды баласына білдірмек болғанда тілі күрмеліп бір ауыз сөз айта алмай кібіртектейді. Өзі-өзін қолға алып, Алланың әмірі орындалуы тиіс деген ойға қайта орнығады. Ақырында бұл жайды баласына айтады. Сонда Исмаил: «Әке, Алланың бұйрығын орында, тартынба!» деп бұйрықтың Хак Тағаладан екенін ұғынып пышаққа тамағын тосады. Бірақ қайралған пышақ жеме-жемде өтпей қалады. Осы кезде өзінің өміріне толықтай мойынсынған Ибрагимге Алланың аяны келеді: «Әй, Ибрагим, сен көрген түсіңе адалдық таныттың, міндетінді орындадың. Исмаилдың орнына құрбандыққа қошқар түсірдім. Біз жақсы құлдарды осылай марапаттаймыз!»

Құран сөзіне кәміліз. Дегенмен, бұл оқиға болды ма әлде пайғамбардың адам тәрбиесі үшін айтылған тәмсілі ме,

ол жағын айырардай екідүниелік ілімім жоқ.

Алла үшін әрине, сойылған мал да, оның еті де қажет емес. Алла мұнсыз, мұқтажсыз. Алла Тағалаға өзі жаратқан пендесінің ағадал пейілі жеткілікті. Сол үшін Алла адамға күллі әлемнің билігі

Құрбан айттың адамдарды рухани тазартуға, сабырлық пен шүкірлікке, жақсылық пен мейірімділікке бастайтын күн екендігінің мәнін ұғуымыз керек. Бұл мейрамда адамдар арасында достық пен бауырластық нығая түседі. Қазақ халқы үшін де Құрбан айт – береке мен бірліктің, дін мен дәстүрдің сабақтастығын білдіретін ерекше мейрам. Быыл бұл мейрам 6 маусым, жұма күніне тұспа-тұс келіп отыр.

мен байлығын беріп қоямын десе де ерікті.

Сөз жоқ, Ибрагим қартайғанда басыр жанары ашылғандай халде көрген баласын ерекше жақсы көретін. Ал Аллаға деген махаббат балаға деген махаббаттан басым болуы керек еді. Алла соны ұқтырды. Алла жолы, Алла үкімін орындау басқа дүниелік нәрсенің бәрінен де ұлық.

Құранда құрбандығымыздың еті де, қаны да Аллаға жетпейтінін, Аллаға біздің тақуалығымыздың ғана жететінін айтқан.

Құрбандық шалуғағы ең маңызды

жайт – малды Алланың атына арнап сою. Одан өзі де жеу, жоқ-жігікке де жетізу. «Пақырды тойдырыңдар» деген бұйрық құрбандық еті байларға берілмесін деген түсінік тудырмайды.

Осы жақсылықты нәсіп еткен Раззақ Жаратушыны естен шығармауға тиіспіз. Құрбан айттың адамдарды рухани тазартуға, сабырлық пен шүкірлікке, жақсылық пен мейірімділікке бастайтын күн екендігінің мәнін ұғуымыз керек. Бұл мейрамда адамдар арасында достық пен бауырластық нығая түседі. Қазақ халқы үшін де Құрбан айт – береке мен бірліктің, дін мен дәстүрдің сабақтастығын білдіретін ерекше мейрам. Быыл бұл мейрам 6 маусым, жұма күніне тұспа-тұс келіп отыр.

Енді өз көзімізбен көргенімізден сөйлейік.

Құрбандық шалуды жарысқа айналдырып жіберген жайымыз бар. Тіпті мал алу үшін қарызға батып жатқандар да жетеді. Өйткені оған құрбан шалды деген дәреже керек. Құрбан шалмай қатарынан қалу ол үшін ұят.

Шын мәнінде қалай? Бұл жөнінде «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің бас имамы Дастан Құрманбаевтың осы Құрбан айт қарсаңындағы журналистерге берген сұхбатын келтіріп өтейік.

– Құрбан шалудың үкіміне келетін болсақ, бұл ең алдымен дәулетті мұсылмандарға міндет болып есептеледі. Дәулетті мұсылман дегеніміз – шариғат тілімен айтқанда 85 грамм алтынды құрайтын артық қаражатты бар мұсылман. Ол – бүгінде 2 млн 746 мың теңге. Немесе 40 қой, болмаса 30 сиыр, 5 түйеге жететін малы бар адамдарға құрбан шалу міндет болады. Ал қалған дәрежедегі адамдарға міндет емес. Алайда, өз еркімен сауап алам деген ниетте құрбан шалам десе, әрине қабыл етіледі, – дейді бас имам.

Сонымен бірге кез келген жерде құрбандық шалу да дұрыс емес. Құрбан айт мерекесі аясында жергілікті атқарушы органдар тарапынан ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Құрбан шалу орындарында санитариялық талаптарды сақтау, діни ахуалдың тұрақтылығына байланысты аймақ басшысының нақты тапсырмалары бар. Бұл күндері қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында жергілікті құқық қорғау органдары тарапынан мешіттер мен белгіленген құрбан шалу орындарында арнайы рейд жүргізіледі. Белгіленбеген жерлерде құрбан шалуға қатаң тыйым салынбақ.

Бұл жөнінде облыстық дін істері басқармасының басшысы Мира Қазбекова баян етті.

Айналып келгенде айтпағымыз Құрбан арап тілінде «жақындау» деген мағына береді екен. Ендеше сауапты істеріміз арқылы жүректі тазартып, Аллаға жақындай түсейік. «Сен маған бір қадам бассаң, мен саған қарай екі қадам басамын. Сен маған қарай екі қадам бассаң, мен саған қарай жүгіремін» деген Жаратушы Ие.

Жаратылған пендесін осыныша жақсы көретін Хак қазір біреулер айтып жүргендей, баланды құрбандыққа шал деген жоқ, жақсылықпен марапаттады. Бұл жердегі оқиға адамдарды ізгілікке үндеу үшін орайластырылған даналық болып табылады.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Мәдениет саласының үздігі, Қазақстан Композиторлар және Журналистер одағының мүшесі, өнер зерттеушісі, доцент, күйші-композитор Балтабай Нұржанов білікті музыка маманы ретінде Сыр өңірінің күйшілері Әлшекей мен Құрақтың Досжанының күйлерін нотаға түсірді, әрқайсының шығу тарихын жазып, кітап етіп шығарды. «Сыр сазы», «Әлшекей», «Құрақтың Досжаны», «Сырдың сырлы саздары», «Сыр бойы күйлері», «Қорқыт сарыны», «Домбыраға арналған хрестоматия» және басқа бірқатар кітаптары музыка мектептерінде, колледждерде, жоғары оқу орындарында оқулық ретінде қолданылып келеді.

Ол 60-қа жуық күйдің, бірнеше тақырыптағы күй-поэмалардың және 40-тан астам әннің авторы. Сонымен бірге 50-ден астам ән мен күйі оркестрге түсірді. «Шалкиды Арал», «Нұрлы таң», «Жауынгер», «Баймұрат байрағы» атты күй-поэмалары, «Қырмызы Қызылорда», «Қызылорда – сән кала», «Ардагерлер», «Қалтай аға», «Перзент сөзі», «Ағаларым-ай», «Ақын баба» секілді ондаған әндерінің орны бөлек. Шығармаларының тақырып ауқымы да әр алуан. Олардан Қазанғап, Жалдыбай, Құрақтың Досжаны, Әлшекей өрнектері – шалыс қағыс, ерке қағыс, ілме қағыс, бүкпе, жай қағыстар танылып отырады.

Шындығына келгенде, өнер деген – тылсым дүние, оған әмір жүрмейді, жүректің нәзік қылымен ғана сезінуге болатын құбылыс. Басқаша айтар болсақ, өнер – шығармашылық құбылыс.

Сыр өлкесінде дуалы ауыз, айтқаны мірдің оғындай, от ауызды, орақ тілді, жезтаңдай шешендер Досбол би, Әйтеке би, Жетес би, ақиық ақын-жыраулар Тұрмағанбет, Жиенбай, Балқы Базар, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Нартай сынды жезтаңдай әнші, қарт кобыз бен қарағай домбыраның баурайынан күй сауған Төремұрат, Үсен Төре, Шал Мырза, Қазанғап, Әлшекей, Құрақтың Досжаны сынды балды бармақ күйшілер өтті. Бұлар өз заманының күйшілік өнерімен танылған тұма таланттар еді. Сол күйшілік өнерді дамытып, бүгінге жеткізген Нәби Жәлімбетов, Қобалаш Жаймұратов, Жанаберген Әбібеков, Сәдуақас Балмағанбетов, Шәкі Оспанов, Жүасбек Тілеуов, Әбдіқадыр Әбдіқалыков, Исламбек Ысқаков, Тынысбек Дүйсебековтың есімдері келесек ұрпақ жадында қалуы тиіс. Домбыраның құлағында ойнаған осы таланттардың ізін жалғастырушылар қатарында біздің бүгінгі әнгімімізге арқау болып отырған күйші-композитор Балтабай Нұржановтың шоқтығы биік, шығармашылық тұлғасы жоғары.



ТЕРЕҢ ОЙ МЕН ПАРАСАТТЫҢ АРНАСЫ

Бүгінде сексеннің биігіне көтеріліп отырған ол 1962 жылы он жылдықты бітіріп, Ақтөбе қаласындағы республикалық мәдени-ағарту училищесіне оқуға түскен. Ұлт аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі деген мамандық алып шықты. Кейін Шымкенттегі әл Фараби атындағы педагогикалық мәдениет институтын бітірді.

Ұстаздық жолын 1970 жылы Қызылорда қаласындағы музыка мектебінде домбыра класынан дәріс беруден бастайды. 1975 жылдан облыстық кәсіптік білім басқармасына қарасты Мәдениет үйін 18 жыл бойы басқарған. Осы салада жүріп ұлт аспаптар оркестрін құруға қол жеткізді. Ол құрған оркестр кезінде Шымкент, Алматы, Ақтөбе, Ақмола, Қарағанды қалаларында өткен республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болып, түрлі деңгейдегі мақтау қағаздарымен марапатталған. Тынымсыз ізденістің арқасында оркестр ұжымы 1977 жылы Шымкент қаласында өткен Бүкілодақтық халық шығармашылық фестивалінде лауреат атанып, 1985 жылы «Халық оркестрі» атағына ие болды. Мәдениет үйін басқарған жылдары өзінің ізденімпаздығы мен іскерлігінің, ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында өз ұжымының ауызбірлігі мен ынтымағын нығайта білді. Олардың өз ісіне деген жауапкершілігін арттыра отырып, Мәдениет үйінің жұмысын алдыңғы орына шығарды. Ұжымдағы бас мамандармен бірлесіп, кәсіптік-техникалық училищелердегі мәдени-

көпшілік, көркемөнерпаздар үйірмелерінің, кітапхана жұмысының жандануына көп үлес қосты. Атап айтқанда, жыл сайын КТУ-де «Галланттарды іздейміз» атты көркемөнерпаздар байқауын, көлөнер және сурет салудан сайыстар өткізуді үрдіске айналдырды.

Музыканың көркем тілін жетік меңгерген маман ретінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің музыкалық аспаптар кафедрасында домбыра, аспаптану және оркестрден дәріс берді. Көп жыл бойы «Сыр сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамбліне жетекшілік жасады. «Сыр елі» энциклопедиясының жарыққа шығуына өз үлесін қосты. Облыс көлемінде өткізіліп жатқан мәдени іс-шараларға белсене араласып, мәдени-көпшілік бағдарламалардың жоғары деңгейде, сапалы өтуіне атсалысты. Кезінде облыстық, қалалық көркемөнерпаздар байқауында әділқазылар құрамында болып, өзінің маман екенін көрсете білді. Б.Нұржановтан тәлім-тәрбие алған Сәбит Қорабаев, Талғат Нағашыбаев, Мереке Күзембаев, Сәкен Шынымов, Алмас Кішкенбаев, Индира Елубаева, т.б. сынды шәкірттері – бүгінде ел құрметіне бөленіп жүрген өнер иелері.

Мәдениетті қолдау жылы сазгердің «Ой толғанысы», «Өнерім – өмірім» атты авторлық шығармашылық кештері Студенттер сарайында өтті. А.Токмағанбетов Мәдениет үйінде «Домбыра – жүрек, күй – көңіл» атты шығармашылық кеші ұйымдастырылды.

– 1989 жылы облыстық кәсіптік-

техникалық білім басқармасы таратылып, училищелер облыстық білім басқармасының қарамағына берілді. Сол жылы мен №2 балалар музыка мектебіне ауысып, домбыра класынан дәріс беруді жалғастырдым, – деп еске алады Балтабай Сәрсенбайұлы. – Мен жетекшілік еткен Батыс Қазақстан теміржол басқармасына қарасты №1 теміржол мектеп-интернат оқушыларынан құрған «Атамұра» фольклорлық ансамблі Мәскеуде өткен халық шығармашылығы фестивалінде дипломант атанды.

Бүгінде 5 бала өсіріп, 9 немере, 5 шөбере сүйіп отырмын. Өмірден көңіліме түйгенім: адамды адамдыққа жетелейтін – имандылық, әділдік, еңбек, қанағатшылық. Осыларды бойға сіңіру үшін өзіңді-өзің тәрбиелеу керек екен. Орынсыз сөйлесен, тілің өзіне жау болады. «Жақсы адамның ашуы жібек орамал кепкенше» дейді. Демек адам өзіне-өзі тоқтау қоя білсе, ашуын ақылға жеңдіре білсе, көп дүниені өзгертуге болады, – дейді ол.

Балтабай Сәрсенбайұлы – Сыр бойы күйшілерінің аңыз-шежіресін жинастыруды елден ерте қолға алған зерделі жан. Қажырлы еңбек, тынымсыз ізденісінің арқасында Сыр бойы күйлерінің хрестоматиясын құрастырды. Күйші Құрақтың Досжанына байланысты бірнеше мақала жариялады, күйлерінің аңыз-шежіре мен ноталық жазбаларын топтастырған жинақ шығарды. Қазақ күйі, оның табиғаты, символикасы, шежіресі мен ауызша тарихнамасы, формасы мен мазмұны, стилі мен музыкалық тілі бір ғасырда белгілі биік

белеске шыққан немесе кеше-бүгін қалыптасқан дүние емес. Күй – энциклопедиялық құбылыс. Онда таңбалы тарихтың ізі, сары даланы дендей көшкен ата-бабаларымыздың тұрмыс-мәдениеті, тұтас қоғамдық әлеуметтік көзқарастар.

Күй – халық мұрасы, тарих шежіресі. Тарихынан, үнінен, сарынынан қазақ халқының өмірін, тұрмысын, салт-санасын, табиғат құбылысын, қайғысы мен шаттығын айқын сезінуге болады. Дәулескер күйшілер халықтың шынайы өмірі мен тұрмысын, әр кезеңдегі қилы-қилы дәуірін домбыра пернесінде қалдырып отырған. Осыны жан жүрегімен ұғынған Балтабай Нұржанов Сыр бойы ән-күйлерін жинақтап, нотаға түсірді, кітап етіп шығарып, оқырман қауымға ұсынды, яғни оны өнер мен мәдениеттің алтын қорын одан әрі молайтуға өзіндік үлес қосып жүрген азамат деп айтуға болады.

Әр күйшінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Күй қағыс ерекшеліктеріне орай мәнері де, үні де ерекшеленіп ойналады. Оның Халық қарманы Бауыржан Момышұлына арнаған «Бауыржан», Ғани Мұратбаевқа арнаған «Өшпес жұлдыз», Роза Бағлановаға арнаған «Сырдың сулу еркесі» секілді күйлері мен халық ақыны Нартай Бекежановқа арнаған «Нартай», жауынгер-ақын Егтзбай Әбзалиевке арнаған «Жауынгер» күй-поэмалары оркестрдің алтын қорында сақтаулы.

Қызметтегі жетістіктері үшін Облыстық атқару комитетінің, Қазақстан Жастар одағының мақтау қағаздарымен, облыстық мәслихаттың, Кәсіптік-техникалық білім беру комитетінің, Білім және ғылым министрлігінің мақтау грамоталарымен, білім және ғылым қызметкерлері комитетінің, облыстық, қалалық мәдениет басқармаларының және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті басшылығының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Кезінде бір сөзінде Балтабай Нұржанов: «Алла қолдап тұрса алдағы уақытта қанатымды қомдап, шығармашылық жұмыстарымның шырқау биігіне қарай қадам басатын боламын» деген екен. Бұл оның үнемі ізденісте жүретінін, бүгінгі жетістігімен шектеліп қалмай келешекке ұмтылатынын білдіреді.

Біз бүгін сексеннің сенгіріне қадам басқан, Сыр өнерінің дамуына өзіндік үлес қосқан, өнерге де, өмірге де ғашық бола білген жанға өнерді зерттеу жолындағы тынымсыз еңбегіңіз жалғаса берсін демекпіз.

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Сыр елінде Қожабай, Алдашбай ахундар мен оның ұрпақтарының есімі құрметпен аталады. Қожабай аса білімді діни ғұламаның бірі болыпты. Мешіт ұстап, бала оқытқан. Шамамен 1845-1846 жылдары өмірге келсе керек. Ауырғандардың дертіне дауа болған кісі екен. Айналасында ұсталық өнерімен аты шыққан Мәмәтәлі, Мәнібай, Нәби мақсұм, тағы басқалар болыпты.

ҚАБАР ҰСТА ЖӘНЕ ЕКІ ТОПСА

Қожабай ахунның бел баласы Нәби бірінғай дін жолына түспей, ұсталық өнермен де айналысқан. 1908 жылы «Көктөбе», «Қарабөтегі» елді мекендерінің маңында өмірге келіп, 1945-1946 жылдар шамасында өмірден өтіп, бабалары жатқан «Ақтайлақтағы» қорымға жерленеді. Нәбиден Нариман, одан Қайролла, Нұрлан, Бақытжан тараған.

Қожабай мен Нәби туралы аз-кем шолу жасағаннан кейін, Нәбидің ұсталық өнеріне тоқталмақпын. Ол кісінің №16 ауылдағы («Жанаталап» колхозы Т.Д.) клуб пен мектеп үйін салғанына, әсіресе 1938 жылы салынған клубтың сән-салтанатына көргендер таңғалағын. Айтпақшы сол клубта 1961-1962 жылдары кинемеханик болып жұмыс атқардым. Кабырғаларында «Ленин-Сталин» деген әдемі жазулар болды (латын әрпімен). Клубқа жүздей адам сияды. Жоғарыға мәжіліс жүргізетін, шымылдық жабилатын мінберлер жасалған. Екіншіден клубтың кіреберісінде арнайы кино қоюға арналған тесіктер орналасқан.

Сәні келіскен клубты Нәби мақсұм Қабар ұстамен бірге салыпты. Табанына ауыл маңындағы «Кәждін құмы» деген жердің тасын күйдіріп, дйіренге тартып, құйған екен. Мұны Қабар ұстаның баласы Мәліктен білдім. Салынған өрнектер екі түрлі болды, бірі көк, бірі қызғыш. Қызылшын шала күйген қызыл қышты үгітіп, дйіренге тартып, сүтке былғап жағыпты.

Райкомдағылар ауданның белгілі ұсталарын шақырталды. №16 ауылдан барған ұсталар бес-алты жігіт бір жуан бөренені көтеріп, қазған шұңқырға түсіре алмай жатқанын көреді. Нәби ұста «қарқандарың бар ма?» деп сұрайды. Арқанды алып бөрененің ұшына таман байлап, Жахан мен Қабаға: «Сен екеуің бөренені көтеріңдер, мен тартып қаламын» деген. «Біз көтердік, Нәби арқанды жамбасқа баса тартып қал-

ғанда бөрене шұңқырға тікесінен түсті» дейтін. Ұсталардың шеберлігіне тәнті болған ғой сондағы жігіттер.

Жалағаштағы алғашқы райком кеңсесі Қистанов басшылық жасаған жылдары салынған болса керек. Нәби ұстаның «Жанаталапқа» клуб пен мектеп салуына қайнаға болып келетін колхоз бастығы Әбжәлел, ауылдық кеңес басшысы Ш.Есовтің ықпалы болған.

1955-1956 жылдары «Жанаталап» колхозында үй тұрғызушылар көп болды. Бірі үйінің іргетасын, екіншісі үй қабырғасының бұрышын шығарып беруге ұсталарды шақыратын.

Жұртшылық ат сабыттып іздейтін Қабар (Хабар) ұста жайлы әңгіме тарқатпақпын. Ол кісі 1892 жылы өмірге келіп, 1964 жылы «Жанаталапта» қайтыс болды. Өмір жолы тақтайдай тегіс болған жоқ, қара жұмыс істеп колхозшы, кейіннен колхоз ұстасы болады. Кешегі қанды қырғын (1941-1945) кезінде екі баласы Әбдісалық (1922), Әбдісадық (1924) соғысқа аттанып, сол жақтан ораламады. Үшінші ұлы Әбүтәліп (1927) әскерге алынып өкпесіне суық тиіп, елге оралғанымен 1953 жылы сол аурудан қайтыс болды. Одан кейін өмірге келген қызы мен кенже ұлы Мәлік шын мәніндегі көмекшісі бола білді.

Қабар ұста 1942-1943 жылдардың бірінде еңбек армиясына алынып кете барады. Ол кісі 1946 жылы Украинаның Нижний тагил қаласынан қашып-пысып, елге арып-ашып келіпті.

Ұстаның баласы Мәлік былайша әңгіме айтқан-ды. «Мен әкемді 6 жасыма көрдім. Әбден жақыған, ауруға шалдыққан, көпке дейін өзіне келе алмады. Бала да болсам, оның ауыр жағдайын сездім». Сонымен қабарға тылдағы әскер жұмысынан бір пәнер қобдиша мен екі үлкен топса әкелген екен.

Мәлік Қабаров әкесінің ұсталық

өнерін көріп өскен, өзі де тәуір құрылысшы болды. Және де «Жанаталаптағы» клуб үйіндегі екі түрлі өрнектің қалай жасағанын да хабардар еткен-ді. Біз көрген клубтағы екі түс, қазақы ою-өрнекпен керемет үй-лесімде болды.

Достарымен, әсіресе ұсталармен жақсы қарым-қатынаста өмір сүрді. Ол замандастары Махан Шахаров (1890-1975), темірден түйін түйетін Мызақұл Биғылов (1898-1975), Ақия Есназаров, Балбыр Бекбергенов, Бекіш Мыкышев, Әбжаппар Орынбетов, тағы басқалармен қатар ұсталық жасады. Өз басым Якия ұстадан басқасының көзін, ұсталық өнерін де көрдім. Балбыр мен Мызақұлдың соққан кетпендерін жұртшылық мақтап отыратын. Қабар ұста ғана емес, диқаншылықпен де айналысқан. Кетпенді құлаштап ұрғанда алдына жан салмайды екен.

1957 жылы оқушылар күйған кесектен директор Мұзлан Шотықовтың кезінде мектеп құрылысы басталған. Оны Қабар ұста бастап, 1958 жылы шәкірттері, Шайқы Әбдиев, Шарапат Тілесов және ұстаның баласы Мәлік өріп бітіреді. Айтпақшы мектеп құрылысына арналған кесекті күйғандар ішінде мен де бар едім.

Ұста 1955 жылы өзі салған клубтың есігіне бір топсаны, екінші топсаны баласы Мәлік 1965 жылы «Аққыр» совхозы клубының сыртқы есігіне салыпты.

Әкесінің Киров облысынан әкелген ағаш жәшігі бүгінде Астана қаласындағы немересі Самат Қабаровтың үйінде сақтаулы. Атасына ұқсап Самат та өнерлі болды. Қазақстан Суретшілер және Дизайнерлер одағының белді мүшесі. Ал Мәкен болса Қызылорда қаласына жақын орналасқан Ж.Махамбетов ауылында тұрады. 1965 жылдан «Аққырда» құрылысшы, байланыс бөлімінің басшысы қызметтерін абыроймен атқарған азамат. Ісі де, сөзі де нық ағамызбен сирек те болса телефон арқылы сөйлесіп тұрамын. Қызылорда облысына барғанымда кітаптарымының тұсаукесеріне қатысып, сөз сөйлеп, өлең оқығаны да есіме түсіп отыр.

Бұл мақаланы жазуға қозғау салған Мәкен болатын. «... Сыр елінің тарихын біраз жаздым, қарапайым еңбек адамдарын жазсаншы, Президент еңбек адамдарын қадірле деді ғой» деп әкесі туралы айтып бергенді.

Ағаның ақылын тыңдап, ұсталар жайлы сөз қозғадым.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ,
зерттеуші, жазушы,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері

/// ДЕНСАУЛЫҚ

«ҚАМҚОРЛЫҚ» ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

2022 жылы облыстық көпсалалы балалар ауруханасы жанынан ашылған «Қамқорлық» оңалту орталығы бүгінде 4 мыңнан астам балаға медициналық көмек көрсетті.

Жалпы 60 төсек-орынға арналған орталықта неврологиялық, кардиологиялық, ортопедия-травматологиялық, нейрохирургиялық және туа бітті сал ауруымен ауыратын, яғни оңалту ем-шарасын қажет ететін балалардың ем алуына барлық жағдай жасалған. Педагогикалық, физиотерапиялық, гидрокинезотерапиялық бөлімнен тұратын емдеу орында реабилитолог, невролог, ортопед, травматолог, кардиолог, нейрохирург дәрігерлер, логопед, дефектолог, психолог, эрготерапевт мамандар және орта буын медицина қызметкерлері жұмыс атқарады.

Физиотерапиялық және гидрокинезотерапия бөлігінде электро ем-шаралары – магнитотерапия, электрофорез, биоптрон, емдік бассейн, құрғақ және гидрорванна, механотерапия және иппотерапия бар. Кинезотерапия бөлмесі емдік денешынықтыру құрал жабдықтарымен қамтылған.

– Орталықта жылына 1200-ге жуық бала ем алады. Түрлі ем-шара бар. Мәселен, емдік бассейн жүйке жүйесін тыныштандыруға, жүрек-қан тамыр жүйесін қалпына келтіруге, тыныс алу жүйесін, бұлшықеттің жұмысын жақсартуға, артық салмақтан арылуға жақсы әсерін береді. Бассейнде бала терең тыныс алады, бұл қан айналымын жақсартып, реттейді. Оны ДЦП, сколиоз, остеохондроз, жүйке жүйесінің аноксикалық ауруларында, миодистрофия, артық салмақты балаларда жиі қолданамыз.

«Посейдон» құрғақ ваннасы – орталық жүйке жүйесін, барлық жүйке талшықтарын, бұлшықетті босатып, қан айналымын жақсартып, тыныштандыру қасиетіне ие. Организмге гидро-аэро массажды әсер береді. Бұл ваннаны жүйке, жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларында, жаракаттан кейінгі оңалтуда, сколиоз, артық салмақ, балалар сал ауруларында қолданып жатырмыз.

«Гейзер» бальнеологиялық ванна жоғары қысымды суасты душ массажды бар. Бұл процедура бұлшықет тонусын жақсартып, метоболизмді жылдамдатып, қан айналымын жақсартыды.

Сонымен қатар шунгитті кабинет бар. Ол шунгитті тастардан қаланған, емдік мақсатта көп қолданамыз. Аллергиялық, асқазан, ішек жолдары ауруларында, респираторлы вирусты ауруларда, бронхит, бронхиалды астма

және психоэмоционалды жағдайларды жақсарту кезінде, тері-венерологиялық ауруларда жиі қолданамыз.

Сенсорлық бөлме – бұл қабылдау жүйелерін, яғни иіс сезу, есту, көру, дәм сезу, есту органдарын ынталандыратын арнайы құрал-жабдықтармен жабдықталған бөлме. Демалуға, қуаттандыруға, дамытуға арналған. Арнайы жабдықтың арқасында адамның көру, есту, иіс сезімдері оянады. Бұл бөлме жүйке жүйесі зақымданған және аутистік спектрі бар балаларға жақсы көмегін береді.

Интерактивті бөлме экрандағы көрсетілген сурет ойындары арқылы баланы ойлау, көру, есту, сезу қабілеттерін дамытады. Көбінесе тіл кемістігі, аутизм, психомоторлы дамулық қалыңдау қолданылады, – дейді орталық меңгерушісі Алма Мұсафирова.

Мұнан басқа балалар массажды, емдік денешынықтыру, арнайы механикалық құрылғылар көмегімен тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды емдеуге арналған механотерапия бөлмесі балалардың сауығуына жақсы көмегін береді. Аптасына бір рет мамандардың ұйымдастыруымен топтық кондуктивті терапия жүргізіледі. Оған орталықтағы емделуші балалар толық қатысады. Ем-шара баланың топқа үйрену арқылы эмоционалдық тұрақтылығын нығайтып, өмірге және емге деген ынтасын күшейтеді.

Мұндай орталық былтыр жазда Жаңақорған ауданында ашылып, қазіргі кезде қарқынды жұмыс істеп тұр. Онда орталық жүйке жүйесі мен тірек-қимыл аппаратында ақауы бар балалар емделеді. «Қазақстан халқына» қорының қаржыландыруымен ел игілігіне берілген орталықта 15 төсек түтіктік стационар, 5 төсек күндізгі стационар және 30 балаға амбулаторлық көмек көрсету қарастырылған. Орталықта реабилитолог, невролог, дефектолог, логопед, эрготерапевт, механотерапевт, психолог, емдеу-шынықтыру нұсқаушылары және орта буын қызметкерлері жұмыс істейді. Мамандар Астана қаласындағы Ұлттық балаларды оңалту орталығында оқытылып даярланған.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

/// САРАП



неге ерте
жастан
бүлінеді?

Бүгінде балалар арасында тіс ауруы, құрт түсуі, тіс жегісі, ұры тіс шығу, стоматит, тістің қисық өсуі сынды мәселе көбейген. Бала тісінің ерте жастан бүлінуі жиілеп бара жатқандығына дәрігерлер де алаңдаулы.

Айымбек Әбдішев, стоматолог, Семей қаласы

Осыдан үш ай бұрын 11 жасар ұлымның тісі ауырып, балалар тіс емдеу орталығына бардык. Адам қарасы көп. Ұзын-сонар кезек. Бәрінің соңында бала. Бірнеше кабинет жұмыс істейді. Бірі емдесе, бірі жұлады. Енді бірі арнайы ем-дом жүргізеді, тағысын тағы. Байқағаным, 2 жасар баладан бастап, мектеп жасындағылар. Кейбір ата-ана екі-үш баладан жетектеп жүр. Маманның кейінгі кезде балада сау тістің қалмай бара жатқанын айтып, бас шұғығаны ойландырды. Тіс ерте кезден бүлінсе, болашақта бала денсаулығына кері әсерін тигізеді. Бір тіс жұлынса ішкі ағзаға, қалған тістердің құруына, жас сүйекке де залалы көп екен.

Жақында 1000-нан астам оқушысы бар білім ошақтарында стоматологиялық кабинеттер ашылды. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әліназарова Үкімет отырысында айтты. Министрдің сөзінше, былтыр оқушылардың 90 пайызы профилактикалық тексеруден өткен. Нәтижесінде балалардан ас қорыту, көру, тыныс алу және тіс аурулары көп анықталған.

Осы орайда еліміздегі мектептерде стоматологиялық кабинеттер саны артады. Балалар арасындағы тіс ауруларын азайту үшін 2025-2028 жылдар аралығына шаралар бекітілді. БАҚ.КЗ осы тақырып аясында Денсаулық сақтау министрлігінен ресми жауап алыпты.

Қазақстанда балалар арасындағы стоматологиялық аурулардың таралуы жыл сайын өсіп келеді. Кейінгі 10 жылда кариеске шалдыққан оқушылар саны 76 пайыздан 78 пайызға көбейген. Әр 10 баланың жетеуінде тіс жегісі анықталған. Кариес қарқындылығы 2,7-ден 5,7-ге дейін артқан. Осыған байланысты тиісті министрлік мектеп жасындағы балалардың стоматологиялық денсаулығын нығайту мақсатында «Болашаққа — сау тіспен» атты жол картасын әзірледі. Ресми жауапта «балалардың ауыз қуысына профилактикалық тексеру жұмыстары мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында жыл сайын 2 жасан 17 жасқа дейін жүргізіледі. Алайда, ауыз қуысына жылына бір рет қана жасалатын профилактикалық тексеру қажетті динамикалық бақылау мен мониторингті қамтамасыз ете алмай отыр. Соның салдарынан тіс аурулары өсіп барады.

Оның ішінде күрделі кариес түрлері таралған» делінген.

Министрлік ұсынған мәлімет бойынша елімізде 145 мектепте стоматологиялық кабинет жұмыс істейді. Оның ішінде ең көбі Алматы, Қарағанды, Жамбыл облысында орналасқан. Ал 90 кабинет 1000 және одан көп оқушысы бар мектептерде ашылған. Был 195 жана стоматологиялық кабинет ашу жоспарланып отыр.

Облыстық білім басқармасының мәліметінше, аймақта 339 мектеп бар. Оның 300-і мемлекеттік болса, 39-ы жекеменшік. Бүгінде 51 мектепте стоматологиялық кабинет жұмыс істейді. Тіс дәрігерлері оқушыларға тіс күтімін үйретіп, алдын алу бағытында жұмыс жүргізеді.

Дәрігерлердің айтуынша, тіс ауруының бірнеше себебі бар. Атап айтар болсақ, әйел жүкті кезде денсаулығына селсоқ қауіпті, қажетті дәрумендер ішпейді, бала дұрыс тамақтанбайды, уақытылы дәрігерге көрінбейді және тіс күтіміне мән бермейді.

Қазір дүкен сөресінде пайдалы астан, пайдасыз дүние көп екенін аңғарамыз. Әсіресе, бала тұтынатын сапасыз өнім жетерлік. Құрамына түрлі зиянды қоспалар қосылған қытырлақ чипсы, тез дайындалатын фастфуд пен газдалған, тәтті сусындар саясат тұр. Мұндай өнімдер ауыз қуысын зақымдайды. Сондай-ақ ата-ана жауапкершілігі де маңызды. Тіс ауруының алдын алып, дәрігерге келетіндер сирек. Көп жағдайда асыққан кезде ғана маманға жүгінеді. Әйтпесе, елімізде 2-17 жас аралығындағы балаға тіс емдету тегін қарастырылған.

Осы орайда қаладағы жеке тіс емханасына бас сұқтық. Мұнда да баласын жетектеген ата-ана көп. Бәріне бір мәселе. Баланың тісі ауырып келген. Көпбалалы ана Айжан Сапарованың сегіз жасар қызының тісін емдетіп жүргеніне бір ай болыпты.

— Қызымның тісі 6 айында шыға бастады. Үш жасқа келген кезде үстіңгі тістері қарайды. Кейін астыңғы тістері бүлінді. Балалар тіс дәрігеріне көрсеткен едім, сүт тістерге ештеңе істей алмайтынын айтып қайтарды. Ауырмаған соң жүре бердік. Мектепке барған жылы қарайған тістері түсті. Жаңадан шыққаны түзу болды. Қуанып жүргенімде, қайта ауырып бастады. Жанына батып, жылаған соң, дәрігерге бардық. Азу тісіне құрт түскенін

білдік. Кейбірінде тіс жегісі пайда болыпты. Соған ем алып жүрміз. Дәрігер енді 2-3 жылда тұрақты тіс қалыптасатынын ескертті. Сол үшін тісті жылына бір рет көрсетіп, кеңес алған жөн екенін айтты. Біз, ата-аналар көбіне бейжай қараймыз. Ол шындық. Тіс жегісі пайда болып, асқынған жағдайда ғана маманға барамыз. Енді балаларымды жиі тіс дәрігеріне әкелетін боламын, — дейді ол.

Осы салада тәжірибесі бар, білікті мамандардың бірі Таңшолпан Құдайбергенованың айтуынша, күнделікті 15-тен астам адам келсе, тең жартысы бала.

— Ата-аналардың 90 пайызы баланың тісі мазалаған кезде ғана келеді. Кейде емдейміз, кейде жұлуға тура келеді. Негізінен жылына бір-екі рет дәрігер кеңесін алған дұрыс. Сонда тіс ауруының алдын алуға болады. Кішкентай балада сүт тіс 5-6 айдан бастап бір жас шамасы аралығында шығады. Сүт тістер 12 жасқа дейін тұрақты тіске алмасады. Тұрақты тіс қалыптасқанда ерекше күтім керек. Өйткені тіс сау болса 100 жасқа дейін сақталады. Көпшілік ойлайды тіс ас шайнау үшін керек деп. Бірақ тіс ауруы асқынса асқазан, жүрек, бүйрек секілді ағзаларды да зақымдайды. Кейбір балалар дәрігерден қорқады. Тісі ауырса, жасырып жүре береді. Ақыр аяғы шұддатпаған соң ғана айтады. Мұндай жағдайда тіс іріңдеп, ұзақ ем алуға тура келеді. Бұл бала денсаулығы үшін өте қауіпті. Сондай-ақ дұрыс тамақтану да маңызды. Мәселен, түрлі газды және тәтті сусындар, пайдасыз тағамдар құрамында тіске зиянды заттар көп. Бұдан бөлек балаларға ерте жастан гигиенаны сақтауды үйрету керек. Дұрыс тазаланбаған тіс тез құриды. Соның кесірінен тіс жегісі, ұлпа қабынуы, тіс тасы сынды ауру пайда болады. Кейінгі кездері екі жастан асқан балалардың тісі қарайып, шіріп кетуде. Мұндай бала өте көп. Күнделікті келген ата-анаға тіс күтімі жайында түсіндіріп, немқұрайлы қарамау керектігін ескертеміз. Әсіресе, балада тұрақты тіс шыққанда ауырмаса да, тексерту шарт. Қазір медицинаның дамыған кезі ғой. Құрылғылар да жаңа. Ауырсынуды сезбейтін екпе саламыз. Емдеу шараларын ұйықтатып та жүргізуге болады. Тіс емдеуге арналған түрлі дәрумендер де бар, — дейді ол.

Сондай-ақ маман балалардың дұрыс тамақтануын қадағалау маңызды екенін айтты. Құрамы дәруменге бай сүт өнімдері мен жеміс-жидекті көп тұтынып, салауатты өмір салтын ерте жастан ұстанған жөн екенін де еске салды.

Жақында ақпарат көздерінен Швецияда балаларының тісін тазаламаған ата-аналар сотталатынын туралы дерек оқыдым. Онда екі ата-анаға балаларының тіс саулығына немқұрайлы қарағаны үшін айып тағылған. Оқиға былай. Үш баланың тісі мүлде қарусыз қалған. Айыптау актісінде ата-аналар балаларының тісін тазаламаған және қажет кезде тіс дәрігеріне апармаған. Салдарынан кариес түскен баланың сегіз тісі анестезиямен жуылған. Тағы екі баланың тісін төрт-төрттен жұлуға тура келген. Оларға немқұрайлылық танытқаны үшін жазадан құтылу қиын екен. Себебі ата-ана баласына зиян келтірген. Швеция заңнамасы әдетте мұндай әрекетсіздік үшін жазаламайтынын айтқан. Бірақ адамға зиян келген болса жағдай басқаша қаралады делті. Бұл істің қаншалықты дұрыс екенін әркім өзіне саралай жатар. Дегенмен бала денсаулығына ата-ана тікелей жауапты екені белгілі.

Балалар арасындағы тіс ауруларының алдын алу үшін мектептерде стоматологиялық кабинет ашылып жатыр. Бұл туралы жоғарыда келтірдік. Жоба құптарлық. Алайда ата-ана кез келген аурудың алдын алса, шешімі болады. Тіс саулығы, ауыз қуысының амандығы деннің саулығын білдіреді. Әдемі күліп, жарқырап жүру үшін балаға ерте жастан тіс күтімін үйретуге болады.

Адамның ажары — тіс. Түзу, аппақ, сау болсын десеніз, тісіңізді күтіп жүріңіз.

Ал сіз баланыңды тіс дәрігеріне қашан апардыңыз?

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

/// БАЙҚАУ



«ҚЫЗЫЛОРДА – ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАЛАСЫ»

Жақсылық Рахматулла атындағы шығармашылық байқау

Облыстық «Сыр бойы» газеті басылымының байырғы бас редакторы, жазушы-журналист, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Жақсылық Рахматулланың туғанына 80 жыл толуына орай жас қаламгерлер арасында «Қызылорда – құндылықтар қаласы» атты шығармашылық байқау жариялайды.

Жалпы ереже

Байқау облыстық деңгейде ұйымдастырылады.

Байқаудың үйлестірушісі: «Сыр медиа» ЖШС және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы.

Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар: Байқауды ұйымдастырып, өткізу мақсатында Ұйымдастыру комиссиясы құрылады.

Байқауға Қызылорда қаласының астана болғанына және ұлтымыздың қазақ атауы қайтарылғанына 100 жыл толуына орай (қаланың тарихы, кешегі және бүгінгі бет-бейнесі, рухани-мәдени дамуы, жастар саясаты, «қазақ» атауын қайтарудағы қайраткерлер еңбегі, т.б) түрлі жанрда жазылған шығармашылық жұмыстар жіберіледі.

Байқау материалдары қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

Байқауға бұрын баспа бетінде жарияланбаған, тек байқау кезеңінде өткен материалдар жіберіледі.

Байқауға 35 жасқа дейінгі талапкерлер қатысады.

Байқау материалдары тиісті БАҚ жеткішілерінің, оқу орындары басшыларының және тәуелсіз жас қаламгерлердің ұсынысы бойынша қабылданады.

Байқауға әрбір қатысушы баспа бойынша материалды 5 парақтан аспайтын көлемде ұсына алады. А-4 форматында, Times New Roman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 аралықта терілуі керек. Байқау ма-

териалдарын сараптау барысында тақырыптың мазмұны, шынайылығы, жанрлық шарттарға сәйкестігі, зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі есепке алынады.

Байқауға қатысушылар Ұйымдастыру комиссиясына (Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4 А, мекен-жайына (байланыс телефоны: 8 (7242) 40-02-17, эл.пошта syrboyi@yandex.kz) мынадай құжаттарды қоса жібереді.

1) Төмендегі деректер көрсетілген өтініш: автор туралы мағлұматтар/туған жері, күні, айы, жылы;

— жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекен-жайы, байланыс құралдары және 3x4 суреті.

2) байқау материалының қағаз нұсқасы. Байқауға жіберілген материалдар авторларға қайтарылмайды.

Байқауға ұсынылған материалдарды қазылар алқасы бағалайды.

Байқау үш кезеңнен тұрады.

1) 2025 жылғы 5 маусым мен 15 қыркүйек аралығында байқауға қатысушылардан материалдарды қабылдау;

2) 2025 жылғы 15-18 қыркүйек аралығында материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау;

3) 2025 жылғы 18 қазанда байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі.

Байқау жеңімпаздары Жақсылық Рахматулла ұрпақтары атынан арнайы жүлдемен марапатталады.

Ұйымдастыру комиссиясы

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Абдреев Сунгат Илесбаевич (лицензия №13019285, 12.12.2013ж) 2025 жылдың 26 ақпанында қайтыс болған азамат Садуақасов Даулет Махмұтовичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №60 А, тел.: 8 777 772 80 80.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Абдреев Сунгат Илесбаевич (лицензия №13019285, 12.12.2013ж) 2024 жылдың 16 ақпанында қайтыс болған азамат Тұретаев Ахметжанның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №60 А, тел.: 8 777 772 80 80.

Жарамсыз деп есептелсін

Махашов Ахмет Төрмұратұлының атына Қызылорда облысының полиция департаментінен берілген КЗ №19044 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

Газетіміздің келесі саны 10 маусым, сейсенбі күні шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)
экономика — 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)
жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор Мейрамғұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 23717

Тапсырыс №946